



Тексерілді  
«Нурби» «Мектеп -  
бөбекжай - балабақша кешені»  
менгерушісі  
Ж. С. Бердимбетова.

Ботақан ерте жас тобы

## ЕРТЕҢГІЛІК

*Тақырыбы: «Күзгі байлықтар»*

Тәрбиешілер: Раймбаева А.О

Сатынбекова Қ

**2021-2022 ж**

## «Күзгі байлық»

**Мақсаты:** Күз мерекесін өткізу. Күз туралы балалардың түсініктерін кеңейту, дүниетанымдарын арттыру. Жемістерді ажырата білуге үйрету. Табиғатты сүйіп, оны аялап күтуге тәрбиелеу. Тапқырлық, жылдамдық, ұшқыр ойлау қабілеттерін дамыту. Балаларға мерекелік көңіл-күй сыйлау.

**Көрнекіліктер:** Залдың іші күз мерекесіне сай безендірілген. Күз туралы суреттер. Күз жәрмеңкесі – жеміс және көкөністер салынған себет.

Әдемі сазды әуен ойналып тұрады.

**Жүргізуші:** Сары жібек көйлегін желбіретіп,

Жапырағын ағаштың селдіретіп.

Тойға бөлеп елімді күзім келді,

Өз байлығын аямай алып келді.

**Ғажайып сәт:** Алтын күз жемістер мен көкөністер болып киінген балалармен бірге арба толы күзгі байлықтарын алып кіреді .

**Алтын күз:** Сәлеметсіздерме, құрметті қонақтар!

**Жүргізуші:** Армысыздар, құрметті қонақтар, алтын күз, және балалар! Бүгінгі «Күзгі байлық » атты мерекемізге қош келдіңіздер.

**Алтын күз:**

*Ерінбестен еңбек етіп келетін,*

*Еңбекшіге бар жемісін беретін.*

*Мен, Алтын күз, ынтымақты еліңе,*

*Берекелі ырыс болып енетін.*

**Жүргізуші:** Ендеше Алтын күз мерекеміздің қадірлі қонағы болыңыз!

**Жүргізуші:**

*Елімізге келіпті ғой алтын күз,*

*Жомарттығын бақыладық бәріміз.*

*Кім табады, кім табады*

*Қандай екен алтын күз?*

**Жүргізуші:** Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?

**Балалар:** күз -Оны қалай білеміз? **Балалар:** күн суыта бастады, жел жиі соғып жапырақтар сарғайып жерге түсе бастады.

-Неге күзді «Алтын күз» дейміз? (Балалардың жауаптары).Күзде жиі жаңбыр жауады, жел соғады және де айналаның бәрі сары түске боялады. Жемістер мен көкөністер де піседі.

**Жүргізуші:** Ия, балалар.

*Жетті желмен алтын күз,*

*Жеміс жинау- салтымыз.*

*Жиып –теріп болған соң, Той жасайды халқымыз.*

Балалар, сендер баубақшаға саяхатқа барғыларың келе ме? (Ия)

Олай болса біз автобусқа отырып, күз байлығын жинауға барайық.

Музыка ойналып тұрады.